

**Энергия үнемдеу және экологияны сақтау
идеялары мен технологияларының
«БОЛАШАҚ ЭРГОНОМИКАСЫ»
Жетінші Халықаралық Байқауының**

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Бұл Ереже Энергия үнемдеу және экологияны сақтау идеялары мен технологияларының «БОЛАШАҚ ЭРГОНОМИКАСЫ» Жетінші Халықаралық Байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу дәрежесі мен тәртібін нұсқайды.

1.2 «Болашақ Эргономикасы» байқауының мақсаттары мен міндеттері:

– энергияны үнемдеу идеяларын өмірлік норма ретінде насихаттау;
– жастардың ішінен ең белсенділерін энергияны үнемдеу және экологияны сақтау саласындағы жұмыс пен шығармашылық үрдісіне тарту. Энергияны үнемдеудің жаңа идеяларын іздеу және ойлап табу;

– энергияны үнемдеу және экология мәселелерімен айналысатын Конкурс қатысушыларын ынталандыру;

– энергияны үнемдеу бойынша жаңа идеяларды іздеу және оларды енгізу.

1.3 Конкурсты ұйымдастырушы - «ProEco» компаниясы болып табылады.

Байқау «КазПромАвтоматика» компаниясымен бірге «Эргономика» компаниясының, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (бұдан әрі – ҚарМТУ), БҰҰДБ, Қарағанды облыстық әкімдігінің, қолдауымен өткізіледі.

1.4 Бұл Ереже Байқауға қатысушыларға, байқауға ұсынылатын жобаларға және оларды ұсынуға қойылатын талаптарды, Байқауды өткізу мерзімін белгілейді. Ереже Байқау іс-шараларының аяқталуына дейін қолданылады.

1.5 Толық ақпарат Ұйымдастырушының ресми сайтында www.proeco.center жарияланады.

1.6 Байқау 2017 жылғы 01 наурыз мен 24 қараша аралығында өткізіледі.

2. Байқауға қатысу шарттары

2.1 Байқау барлық қатысушылар үшін (соның ішінде шетелдік те) ашық болып табылады.

2.3 Жоба Байқау бағытына сай болуы қажет.

2.4 Жоба және барлық құжаттар қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ұсынылуы мүмкін.

2.5 Жоба мазмұны барлық жағдайда техникалық міндетті шешуде автордың шығармашылық дербестігін көрсетуге тиісті.

2.6 Байқауға жеке адам да, жоба жасаушы команда құрап та (3 адамнан көп емес) қатысуға болады.

2.7 Байқауға қатысушы ретінде тіркелу үшін 1-қосымшаға сәйкес орнатылған түрдегі Өтінімді толтырып жолдау қажет. Өтінімге жеке куәлік көшірмесін және Жобаны қоса ұсыну қажет. Өтінімдерді қабылдау мерзімі– 2016 жылғы 01 наурыз мен 1 қараша аралығы. Ұйымдастырушының Байқауға қатысуға кез келген өтінімді, себебін түсіндірмей, қайтаруға құқығы бар.

2.8 Жобалар мынадай номинациялар бойынша қабылданады:

– **Энергияны үнемдеу бойынша ең өзгеше идея.** Барлық (ерекшелейміз – **БАРЛЫҚ**) идеялар қабылданады. Тіпті бүгінгі таңдаіске асуы мүмкін емес идеялар да.

Басты шарттары: жаңашылдығы мен өзгешелігі. Сондай-ақ физика мен логиканың негізгі заңдарына қайшы келмеуі тиіс. Сондықтан тиімділігі мен іске асыру мүмкіндігіне карамастан кез келген қызықты ұсыныстарды күтеміз. ИДЕЯ болса, техника табылады!

– **Қоршаған ортаны қорғау.** Қоршаған ортаны қорғау бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығуын, ағын суларды қоқыстандыруды, қоқыстың көптеп орналасуын төмендетуге бағытталған жаңа идеялар мен шешімдер көрсетілген жобалар қабылданады. Жаңа, өзгеше идеяларды күтеміз. Тиімді әрі оңай жүзеге асырылуы тіпті жақсы қабылданады.

– **Тәжірибелік міндеттерді шешу.** Муниципалдық мәселелерді шешуге байланысты энергияны үнемдеу және экологияны сақтау тұрғысынан жаңа идеялары мен өзгеше көзқарасы бар құрылымдық жобалар қабылданады. Қалаңыздың кез келген мәселесіне қатысты негізделген жобалар қабылданады.

– **Экологиялық ағарту.** Экологияны қорғау және энергияны үнемдеу бойынша сауатты халықтың қалыптасуына ықпалдасатын өзгеше идеялары бар жобалар қабылданады.

– **Жасылдандыру құрылысы.** Бұл категорияның идеясы – тіршілік етуге жағымды микроклиматы болатын жай (үй, кеңсе) жасау. Бұл құрылыс экологиялық, тиімді, энергияны үнемдегіш және тіршілік жетуге ыңғайлы болуы қажет. Қойылған міндетті шешуге бағытталған ең өзгеше және тиімді идеяларды ұсынатын жобалар қабылданады. Ең тиімді шешім жүзеге асырылады.

– **Жарықтандыру шешімі.** Тиімділікті арттырып, шығындарды төмендетуге бақытталған энергиялық тиімді жарықтандыру (тұрмыстық, өндірістік, көше) жаңа идеялары мен шешімдері бар жобалар қабылданады.

– **Қаланың тұрақты дамуына арналған төмен көміртекті бастамалар** - қалалар мен қалалардың климат өзгеруіне әсерін азайту бойынша жобалар қабылдануда.

2.9 Байқауға қатысушылар 2016 жылғы 1 қараша дейін мынадай мазмұнға сәйкес келетін байқау жұмыстарын ұсынулары қажет:

- өзектілік;
- өзгешелік;
- жаңашылдық;
- экономикалық тиімділік;
- экологиялық тиімділік;
- энергетикалық үнемділік;
- ұтымдылық;
- қатысушының жеке үлесі;
- тәжірибелілік;
- әлеуметтік маңыздылық.

Жобалар энергетика тұрғысынан да, сондай-ақ дизайн, құрылыс тұрғысынан да ұсынылуы мүмкін.

2.10 Жобада мақсат, міндет, өзектілігі, артықшылықтары, зерттеу қорытындылары, құрылғының немесе құралдың, технологиялық үрдістің суреттелуі, есептеулер, суреттер (фото, кестелер, сызбалар және т.б.), қорытындылар, қатысушының жеке үлесі, экономикалық, экологиялық тиімділігі, әлеуметтік маңыздылығы, өзін-өзі ақтау мерзімі, ағымдағы жағдайы нақты көрсетілуі қажет.

2.11 Байқау жұмысын ресімдеуге қойылатын негізгі талаптар:

а) Жұмыс А4 парақтарында мәтін түрінде, қажетті жағдайда кесте, диаграмма, сурет, ақпарат графикасы және т.б. қосылып, ресімделеді. Пайдаланатын барлық көрнекі материалдар мынадай үлгіде нөмірленіп шығуы тиіс: Қосымша 1, Қосымша 2 және т.б. жұмыста көрнекі материалды пайдалану жағдайында, берілген көрнекі материалға қатысты мәтіннің тұсында мынадай үлгіде сілтеме жасау қажет (Қосымша 1, Қосымша 2 қараңыз).

б) Жоба 10 беттен аспауы тиіс.

в) Негізгі мәтін шрифты – Times New Roman.

Шрифт мөлшері – 12-14 әдеттегі жазу.

Жол арақашықтығы – бірлік.

Беттерді нөмірлеу - тура.

Жобадағы барлық сомалар теңгемен не доллармен көрсетілуі қажет.

Физикалық шама бірліктерін халықаралық бірліктер жүйесіне сай келтіру қажет.

Демонстрациялық материал жобаға басып шығарылып немесе дискке жазылып қоса ұсынылады.

2.12 Байқау құжаттамасына кіретін әрбір құжатқа авторлар қолқоюлары қажет. Өтінім құжаттары арасынан парақтар түсіп қалмайтындай түйістірілген, тігілген немесе оралған болуы тиіс.

2.13 Байқауға қатысуға қажетті құжаттар:

– қатысушының өтінімі (Қосымша 1);

– Байқау жұмысы (жоба);

– Туу туралы куәлік/жеке куәлік

2.14 Жұмыс электрондық пішінде future@proeco.center Байқаудың электрондық мекен-жайына және қағазға басылып шығарылып екі данада Қарағанды қаласы, 100019, Кривогуз көшесі, 57/2-үй мекен-жайы бойынша жолдануы қажет.

2.15 Ұйымдастырушының осы Ереже талаптарына сәй келмейтін жұмыстарды қатыстырмауға құқығы бар.

2.16 Қатысушы ретінде тіркеуден сәтті өткендері туралы ресми хабарлама алған тұлғалар жартылай мәреге қатысушылардың жобаларының презентациясына шақырылады.

2.17 Байқау шегінде жасалған жұмыстарға қатысты авторлық құқық байқауға қатысушылардың өзінде сақталады. Жобаны байқаудан тыс пайдалану авторлармен келісімдеу арқылы іске асырылады.

3. Байқау комиссиясы

3.1 Ұйымдастырушылар Байқауды және Байқау комиссиясын ұйымдастырып өткізуге жұмыстық топты қалыптастырады (10 адамнан артық емес) және Байқау комиссиясының төрағасын сайлайды.

3.2 Ұйымдастырушылар Байқау комиссиясының жұмысына салалық министрліктер мен ведомстволардың өкілдерін, энергияны үнемдеу және инвестициялау саласындағы тәуелсіз сарапшыларды шақыра алады.

4. Байқауды өткізу тәртібі және кезеңдері

4.1. Байқау 4 кезеңмен өткізіледі:

Бірінші кезең – **2016 жылғы 1 наурыз мен 01 қараша аралығы** – Байқауға қатысу туралы өтінімдерді жинау және қатысушыларды алдын ала біліктілік іріктеу.

Екінші кезең – **2016 жылғы 06 қараша мен 14 қараша аралығы** – Байқау талаптарына сай келетін жобаларды іріктеу, жұмыстарға сараптама жасау.

Үшінші кезең – **2016жылғы 15 қараша мен 18 қараша аралығы** – финалға шыққан қатысушылардың жобаларын презентациялау. Номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтау.

Қорытынды кезең – **2016жылғы 21 қараша мен 24 қараша аралығы** – Байқау соңы, барлық номинациялар бойынша жеңімпаздарды марапаттау Қазақстан Республикасы, Қарағандықаласы, Кривогуз көшесі, 57/2 («Эргономика» СҮ ғимараты)

мекен-жайы бойынша өткізіледі.

4.2 Қатысушылар құжаттарды дайындау және тапсыруға байланысты шығындарды, сонымен қатар жол шығындары мен тұрақтау шығындарын (марапаттау церемониясына өзі қатысқысы келсе) өз қаржысымен көтереді.

4.3 Байқау комиссиясының шешімі Ұйымдастырушының ресми сайтында www.proeco.center қоса жарияланады. Байқау комиссиясының шешіміне сипаттама жасалмайды, Байқау қорытындысы қайта қарастырылмайды және шағым жасалуға тиісті емес.

5. Байқау қатысушыларын марапаттау.

5.1 Байқау жеңімпаздарын сарапшы комиссия жоғарыда аталған критерийлер мен талаптар негізінде анықтайды.

5.2 Жеңімпаздар дипломдармен және құнды сыйлықтармен марапатталады.

**ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯНЫ САҚТАУ
ИДЕЯЛАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ
«БОЛАШАҚ ЭРГНОМИКАСЫ»
ЖЕТІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА
ӨТІНІМ**

1. Төменде қол қойған мен (біз), байқау туралы ақпаратпен танысып, оған қатысуға ниет білдіремін (міз).

2. Мен (біз) байқауға ұсынылатын жұмысты жеке мен (біз) орындайтыным(ымыз)ды растаймын(мыз).

3. Бұл өтінім мыналарды толығымен түсініп ұсынылып отыр:

- өтінім жасау қатысушының келесі турға өтуіне кепілдік бола алмайды;

- байқауды ұйымдастырушылар өтінім беруші ұсынатын жаңашылдыққа таласпайды және құқықты тіркемейді;

- ұйымдастырушылардың өтінімді және ондағы ақпаратты қарауға, осы байқауға және энергияны үнемдеу саясатын насихаттау мақсатында, оның қатысушыларына сілтеме жасап, өтінімде берілген идеяларды БАҚ-да жариялауға толықтай құқығы бар;

- менің (біздің) өтінім қайтарылуы мүмкін және мен (біз) бұның себебін түсіндіруді талап етпейміз;

- мен (біз) энергияны үнемдеу жобасы ретінде берілген материалдың қайтарылуын талап етпеймін (міз) деп келісемін (міз).

4. Осы өтініммен мен (біз) өтінімде және жобада ұсынылған техникалық құжаттарды қарауға, ұсынылған жоба бойынша әр түрлі мәселені түсіндіру үшін маған (бізге) хабарласуға уәкілеттікті ұсынамыз.

5. Толық ақпаратты алу үшін маған (бізге) хабарласуыңызға болады:

Т.А.Ә.	
Оқу, жұмыс орны, қызмет түрі	
қызметі	
Мекен-жайы	
Қатынас телефоны	
E-mail	
Skype	

6. Қажеттілік болса қатысушы ұсынылған құжаттарын байқау аяқталғаннан бастап 30 күннің ішінде өзі келіп алып кете алады.

7. Осы өтінімге қоса ұсынамын (мыз):

- жеке куәлік көшірмесі;

- энергияны үнемдеу жобасы, 2 дана, _____ бетте.

8. Жобаның номинациясы _____

Жобаның атауы _____

8. Мен (біз) өтінімде және қоса ұсынылған құжаттардағы барлық мәліметтердің дұрыстығына сендіремін (міз).

9. Қосымша ақпарат _____

«__» _____ 20__ ж.

(қатысушы қолы)

Өтінім және қосымша құжаттар _____ бетте қабылданды

Өтінімдерді тіркеу тізімінде № _____ тіркелді

(ұйымдастырушы қолы)

«__» _____ 20__ ж.